

АБЫЛАЙ ХАН – 300

Қазіргі Қазақстанның ресми тарихнамасы бекіткен және көпшілік қабылдаған дәйек бойынша, Абылай хан 1711 жылы туған. Яғни, өткен 2011 жылы 300 жылдық мерейтойы аталып өтуге тиіс еді.

Мүлде ескерусіз қалыпты. Өкімет емеурін білдірмеді, ал басыбайлы жалпы жұртқа бәрібір екен. Таң қаларлық ештеңе де жоқ. Егер ең биік мінберден: «Бұған дейінгі заманда қазақ халқының атаулы мемлекеті болған жоқ, өзіндік шекарасы да болмады!» – деп, бір, екі емес, әлденеше қайыра жар салынса, бұл ересен қағиданы Ғылым академиясының Тарих институты қостап отырса, онда Абылай дейтін хан да болмаған, енді сол жоғымыз кенеттен бар шығып, бүкіл республика шегінде насихатталып жатуы... сұмдық емес пе – Ғасыр ғұламасы Күн көсемнің жарқын бейнесіне көлеңке түсуі мүмкін! Бас ауыртпас, бүкпесіз анығы осы.

Соған орай... емес, төтенше бір тұрғыдан алғанда, сүйікті үкіметіміз бен туысқан партиямыздың намысына тиер «300 жылдық» атаусыз кеткені үшін енді, зиялы емес, зиянды деп танылған қажетсіз қауым – мына біздің шамдануымыз орынсыз. Өйткені... білгір тарихшылар әйгілеген 1711 жылы Абылай ханның елесі бұ дүниеде жоқ. Екі жылдан соң туған. «298 жылдық мерейтой» Боратстанның өзінде сөлекет көрінер еді. Абылай ханның жоқшылары ғана емес, өткендегі Қазақ Ордасының, одан арғы Алтын Орда, Шыңғыс хан империясы, Түрік қағанатының жақтастары да мақұлдай қоймас. Шын мәнісіндегі «300 жылдық» – 2013 жылға сәйкеседі. Есебі, өткен жыл емес, келер жыл.

Бұл арада бар кілтипан аталмаған және аталмауға тиіс мерейтойда ғана тұрған жоқ.

Көп ұзамай-ақ алашқа сырт айналған баянсыз бостандыққа әлі екі жыл да толмаған, үміт мол, сенім зор 1993 жылы, «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегімізде нықтап айтқан едік: «...Талассыз ақиқат – Абылай 1713 жылы туған. Екі жылдың ары, берісінде не тұр деуге болмайды. Өйткені Абылай өмірі, оның белгілі бір кезеңдері елеулі тарихи оқиғалармен тікелей байланысты». Сондықтан келер жылы да атаусыз қалуы анық мерейтой қақымен емес, тарихи шындық үшін, сол, өткендегі жазбамыздың тиесілі тұстарын амалсыз қайталап, таратып айту қажет деп білдік. Бәлкім, мәртебелі Құрдасымыз екеуіміз қатарымызбен нысаналы 2030 жылдан шауып өтіп, тоқсан алты жасқа жететін 2036 жылы кәдеге асып қалар – «Абылай ханның 333 жылдық мерейтойы!» деп, жапырлап жатсақ несі бар...

Сонымен, 1713. Біздің қазіргі, советтік жүйені, социалистік құрылысты дәріптеу арқылы атақ, дәрежеге жеткен білімпаз тарихшыларымыз тағайындап берген 1711 – долбармен, ойдан алына салған жаңсақ тұспал. Бұрынғы-соңғы ешқандай ескілікті ескерткіш, ресми, жазба құжатта Абылай 1711 жылы туған, жетпіс жасқа келген

дейтін нақты байлам, тіпті, емескі мағлұмат жоқ. Керісінше, барлық дерек 1713 жылға тіреледі.

Атап айтсақ, Ресейдің Сібір шебіндегі әскербасы, генерал-майор Н.Огаревтің Сыртқы істер коллегиясына 1781 жылы мамырдың соңында жазған құпия қатынасында: «Осы жылғы май айының 23-і күні маған хабар жетті: Қырғыз-қайсақ... Ордасының ханы Абылай жасы алпыс тоғызға қараған шағында, жорық үстінде ауырып, дүние салыпты», – деп жазады. Орысшасы: «...будучи в походе, от приключившейся ему болезни, умер на шестьдесят девятом году...» Нақпа-нақ аударсақ, «алпыс сегізден асқан шағында» болып шығады. Ізінше, Абылай ханның мұрагер ұлы Уәли сұлтанның Ресей патшайымы Екатерина Екіншіге жолданған мағлұмдама-хатында да осы дерек қайталанады. Сол қалпында айтсақ, «алпыс тоғыз». Ежелгі қазақ рәсімінде ана құрсағындағы тоғыз ай бір жасқа есептеліп, санатқа қосылған, яғни күнтізбелік алпыс сегіз жас. Аталмыш құжаттар «Россияның сыртқы саясатының архивінде» сақталған, баспа бетінде жарияланған, яғни, жер астында жатқан, құпия дерек емес. Қазіргі егемен оқымыстыларымызға ғана беймәлім жағдаят.

Абылай хан тарихтағы қызметіне орай қазақ халқының ескілікті, ұлттық санасында алдыңғы қатардағы, ең атақты, ең даңқты тұлғалардың бірі болды. Асқаралы бейнеге қатысты тарихи эпоста, аңыз әңгіме, ақындар мен жыраулардың өлең, толғауларында атап айтылады. Абылайдың алғаш рет даңққа шығуы – жиырма жасында («Жиырма жасың толғанда, – Қалмақпен соғыс болғанда, – Алғашқы бақты тапқанда, – Шарыштың басын қаққанда...»); бұдан соң қырық сегіз жыл билік құрған («Сұрасаң, Абылайды мен айтайын, – Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда...»). Тағы да алпыс сегіз жас деп қойыңыз.

Сонымен, қайткенде де бұра тартар қисын жоқ. Абылай-бахадүр хан анық алпыс сегіз жасында дүниеден озған. (Кезекті Ташкент жорығынан қайтқан сапар, Арыс өзенінің Сырға құяр атырауына тақау тұс, ел әңгімесінің айтуынша, Хан-Қорған деген жерде.) Аралық қаншама шалғай болғанымен, мәнді, айғақты хабар Орыс шебіне үш-төрт аптадан аспай жетуге тиіс. Есебі, көкектің соңы деп нақты айтуға болады. 1781 жыл. Әдепкі арифметикаға салсаңыз, 1713 жылы туған болып шығады.

Туасы есімі – Әбілмансұр. Шыңғыс хан – Жошы хан – Орыс хан – Өз-Жәнібек хан әулеті. Бергі бір бабасы – Есім хан заманында Бұқар хандығына қарсы қырғын соғыстарда атаққа шыққан Қанішер Абылай сұлтан. Ферғана әмірі, біздің жазылмаған тарихтағы айтулы тұлғалардың бірі. Әбілмансұр-Абылайдың өзінің туған жері де осы абат аймақ, Ақтабан-Шұбырынды кезеңіне дейін Қазақ Ордасының ғұзырында болған Терістік-шығыс Ферғана, Ахсы өңірі деп білсек керек. (Кейін, Қырғыз жорығындағы жеңістен соң Абылай осы өңірде қалып қойған біраз жұртты қазақ ішіне қайыра көшірген.)

Абылай-бахадүр ханның әуелгі өмір өткелдері толықтай мағлұм болмағанымен, кемел кезеңінде туған халқының еркіндігі мен еңсе-мерейі жолында жасаған өлшеусіз еңбегі түгелдей мағлұм.

Он екі, он үш жасында Жоңғар қарауында қалған қазақ жерінің шегіне өтеді және панасыз, жетім бала ретінде көп мұхнәт шеккен.

Бұдан соң, шамасы бес-алты жыл мұғдарында, қолайлы сәтімен, Арқадағы Әбілмәмбет ханның алдына жетіп, ата-тегін әйгілеп, қатарға қосылады және әскер ісіне біржола машығады деп байыптар едік.

Жиырма жасында, яғни 1733 жылы Әбілмәмбет ханның жауынгер жасағы құрамында, Алакөл маңындағы үлкен соғысқа қатынасады; ұрыс бастамындағы жекпе-жекте Қалдан-Сереннің жақын бауыры, қалмақтың бас батыры Шарышты өлтіріп, қазақ әскерінің сәтті жеңісіне жол ашады. Нәтижесінде, үлкен абыройға бөленіп, туасылы тегіне орай сұлтан атанып, жеке орда тігеді және көп ұзамай, ақылды аға, мәрт, кеңпейіл Әбілмәмбетпен бірдей билікке жетіпті. Енді Орта жүздің бүкіл әскер ісін өз қолына алады. Күн озған сайын Абылайдың атақ-даңқы озып, бедел-билігі артып, өкімі күшейе береді.

1739 жылғы күзде, соған жалғас 1740 жылдың қысы мен көктемінде, Дүрбін-Ойраттың, әрқайсысы отыз мыңдық шеріктен құралған, кезектес, үш дүркін жорығының бетін қайтарып, Сары-Арқаның орталық аймағына өткізбейді, осы сәтті ұрыстар нәтижесінде Қазақ Ордасын біржола құрып кету қаупінен сақтап қалады.

1753-1754 жылдар орайында Дүрбін-Ойраттың тақ талас ішкі соғыстарына белсене араласып, дамылсыз шапқын арқылы ежелгі дұшпанды әбден әлсіретеді.

1755-1756 жылдарда табандасқан майданды Жоңғар жеріне көшіреді, әлденеше ұрыста қонтажы Дабашыдан басым шығып, Екі жүз жылдық Ойрат-Қазақ соғысын түбегейлі жеңіспен тәмамдайды, ендігі уақытта қалмақ қатері біржола дерлік жокка саяды.

1756-1757 жылдарда ел шетіне басып кірген Қытай әскерімен алмағайып ұрыстар өткереді, қазақты ығыстырса да, қарулы күштерін біржола қирата алмаған, түпкі мақсаты орындалмаған Цинь өкіметі Қазақ тәуелсіздігін танып («Бұл қазақтар бұрын өз алдына ел болып отырған екен, біз оны мойындауға тиіспіз», – деп жариялайды император Хун Ли өз жарлығында), көп ұзамай қажетті мәмлеге келеді. Екі ел арасында елшілік алмасқан, бейбіт қатынас орнайды.

1765 жылы Қырғыз ұлысына қарсы аттанып, Қазақ Ордасының байырғы қонысы – Іленің сол жағалығы мен Шу бойын қайтарып алады, сөйтіп, алмағайып заманда етекке түскен ағайынды Алатаудан асырып, қазақ пен қырғыздың Нарынқол, Кегеннен Қордайға дейін тартылған, бүгінде өзгеріссіз сақталған шекарасын бекітеді.

1770 жылы, қайта көтерілген Қырғыз жұртын біржола тыныштандыру үшін жаңа жорық ашып, бұрынғыға қоса, Шудың басына дейін тықсырады, бұл тараптағы аралық шекара – Қырғыз жотасы болып белгіленеді (Кенесарының қазасынан соң қолдан кеткен мәуелі аңғар).

1771 жылы Еділден ауған, бүкіл Қазақ даласын көктей өтіп келе жатқан торғауыт-қалмақты Балқаштың батыс тарабы, Мойынты бойында қырғынға ұшыратады, қалған азғана жұртын Қытай шекарасына дейін қудалап, біржола тоздырып жібереді.

Қасым хан тұсында қанатын кеңге жайған, Тәуекел хан, Есім хан кезінде біржола қалыптанған, Салқам Жәңгір, Әз-Тәуке заманында да байтақ әрі қуатты болған Қазақ Ордасын қалпына келтірген Абылай 1771 жылы күзде, Алаш астанасы Түркстанда, мұсылман-түрік әулиесі Қожа-Ахмет Ясауидың көк күмбезінің саясында Ұлы жүз, Орта жүз бен Кіші жүздің білікті хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары және жалпы жұрт тарабынан марапат, мадаққа жетіп, «Үш алаштың ханы» деп жарияланады.

1776 жылдан бастап Орта Азия хандықтарымен жауласып, бұлыңғыр заманда қолдан шыққан Шымкент, Сайрам қалаларын қайтарып алады, бұл кезде дербестеніп кеткен Ташкентті бодандыққа түсіреді, бүкіл Оңтүстік өңірді дәрегейіне келтіреді; бұл тарапта Абылай айқындаған межеден біз орыс-совет отаршылдығы кезеңінде ғана кері шегіндік.

Абылай – өз өмірінің ақыры, 1781 жылы жазғытұрым дүние салғанға дейін Қазақ Ордасының ұлы ханы ретінде танылып, өкім құрған.

Міне, жалпыға белгілі жағдаяттарды түйіндеп, қайыра толғағанда осылай. Қазақ тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі. Асқаралы Алып. Бүгінгі, тарихтан тыс, халыққа жат, егемен өкіметіміздің атаған, атамағанынан ештеңе де өзгермейді. Мәңгі-бақи өз тұғырында тұрмақ. Қаншама заман өтті, дүние неше құбылды, ел-жұртымыз қилы кезеңдерді басынан кешті, бірақ Абылай хан ұмытылған жоқ. Аз-маз ұлттық санасы бар қазақ атаулының жүрегінде тұр. Қазақ тарихына біржола бекітілген. Бұдан артық не керек!

16.IV.2012,
Карловы-Вары.